

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-21](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-21)

FTAMP: 17.07.65

**К.С. Курмамбаева<sup>1</sup>, Е. Petek<sup>2</sup>, Ж.Н. Оралханова<sup>3\*</sup>**

<sup>1,3</sup>Шәкәрім университеті,

071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А

<sup>2</sup>Tokat Gaziosmanpaşa Üniversitesi,

60250, Түркия, Токат қ., Тазлычиптлик кампусы

\*ORCID: 0009-0000-3945-9802

\*e-mail: [oralkhanova.zh@mail.ru](mailto:oralkhanova.zh@mail.ru)

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫН МЕНҒЕРТУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларына көркем шығарманың композициясын меңгертуде интербелсенді әдістерді қолданудың педагогикалық тиімділігі зерттеледі. Композиция әдеби мәтіннің идеялық және құрылымдық жүйесін реттейтін маңызды категория ретінде қарастырылып, оның сюжеттік желі, композициялық бөлімдер, кейіпкерлер арасындағы конфликт, оқиға дамуы, уақыт пен кеңістік байланысы сияқты негізгі элементтері талдау нысанына алынады. Мақалада композициялық талдауды ұйымдастыру барысында қолданылған интербелсенді әдістердің – графикалық сызба арқылы композициялық құрылымды талдау, кейіпкер әрекеті арқылы композициялық бөліктерді анықтау, кестемен жұмыс, уақыт сызығы (таймлайн) әдісі – оқушылардың мәтін құрылымын жүйелі түсінуіне әсері жан-жақты сипатталады. Әр әдістің оқу үдерісіндегі рөлі нақты мысалдармен көрсетіліп, графикалық сызбалар композиция элементтерін визуалды түрде жүйелеуге мүмкіндік беретіні, кейіпкер әрекетіне негізделген талдау оқушылардың оқиға логикасын түсінуін тереңдететіні, кестемен жұмыс композициялық бөліктерді салыстыра отырып меңгертуге қолайлы екені дәлелденеді. Ал уақыт сызығы (таймлайн) әдісі оқиғаның уақыттық динамикасын меңгертуде тиімді құрал ретінде танылады. Зерттеу нәтижелері интербелсенді тәсілдерді мақсатқа сай қолдану оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытатынын, композициялық құрылымды терең меңгертуге, мәтіннің мазмұндық ерекшеліктерін жүйелі қабылдауына мүмкіндік беретінін айқындайды. Мақалада ұсынылған әдістемелік шешімдер әдебиетті оқытуда композициялық талдауды жетілдіруге арналған практикалық ұсыныстар ретінде қарастырылады.

**Тірек сөздер:** әдеби-теориялық ұғымдар, оқыту әдістері, оқыту жолдары, мектептегі қазақ әдебиеті, әдістемелік негіздер.

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру кеңістігінде көркем шығарманы терең әрі саналы қабылдай алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр. Әдеби мәтіннің мазмұнын ғана емес, оның ішкі құрылымдық ұйымдасуын, композициялық жүйесін түсіну оқушының аналитикалық ойлауын дамытуда, мәтінді тұтас құбылыс ретінде қабылдауында шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты көркем шығарма композициясын меңгертудің әдістемелік негіздерін қарастыру бүгінгі күнде өзекті бағыттардың бірі саналады. Қоғамдағы ақпараттық тасқын, мәтінді жылдам тұтыну дағдысы оқушылардың әдеби шығарманы терең талдау дағдыларын әлсіретіп жатқан жағдайда, композициялық талдауға бағытталған оқыту әдістерін жаңғырту қажеттілігі айқын сезіледі. Композицияның экспозиция, байланыс, шиеленіс, шарықтау шегі, шешім сияқты құрылымдық бөліктерін саналы ұғындыру оқушыға оқиға динамикасын, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды және шығарманың көркемдік тұтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – тек әдеби теорияны меңгерту ғана емес, оқушының логикалық, интерпретациялық және сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған маңызды педагогикалық міндет.

Соңғы жылдары әдебиетті оқытуда құзыреттілікке негізделген тәсілдер күшейіп, шығарманы өмірлік тәжірибемен байланыстыра оқыту алдыңғы қатарға шықты. Мұндай жағдайда композициялық талдаудың рөлі бұрынғыдан да арта түсіп, оны меңгертудің тиімді әдістемелерін айқындау қажеттілігі өзекті ғылыми-практикалық мәселе ретінде қарастырылады.

## **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу материалы ретінде жоғары сыныптарға арналған қазақ әдебиеті бағдарламасы, көркем шығарманы талдау үдерісінде қолданылатын әдістемелік құралдар және оқушылардың композициялық құрылым жөніндегі түсініктерін анықтауға арналған бақылау материалдары пайдаланылды. Материалдар құрамында әдеби мәтіндердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне қатысты деректер, композициялық элементтерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар кешені және әдістемелік ұсыныстар жинақталды. Материалдың сапалық жағы оның мазмұндық толықтығы, композицияны жүйелі түрде талдауға мүмкіндік беретін теориялық-әдістемелік негіздемелермен қамтамасыз етілуі арқылы сипатталса, сандық жағы зерттеуге енгізілген сабақ үлгілері, тапсырмалар саны және талданған мәтіндердің көлемімен белгіленді. Зерттеу барысында қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жөніндегі Ө. Әбдиманұлы, С. Рахметова және Т. Әлімов еңбектерінде ұсынылған әдеби талдаудың тәжірибелік үлгілері қолданылды. Әдістер кешені ретінде мәтінге құрылымдық талдау, композициялық элементтерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, бақылау, интерпретациялық талдау және оқушылардың шығармашылық жұмыстарына контенттік талдау әдістері пайдаланылды. Сонымен бірге М. Жұмабаевтың педагогикалық тұжырымдары мен Ж. Жұмаділовтің көркем талдауға бағытталған әдістемелік пайымдары композициялық құрылымды меңгертудің әдістемелік моделін жасауға негіз болды.

## **Нәтижелер мен талқылау**

Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ыркына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек.

Әдебиет теориясы бойынша білім беру – оқушыларға көркемдік таным қалыптастырудағы негізгі құрамдас бөлік болып табылады. Мектеп оқушыларына әдебиет теориясын меңгертпей тұрып, көркем шығарманы тіл өнерінің ерекше туындысы ретінде қабылдатып, оның астарындағы тұжырымдарды ұғындыру, әдеби дамудың заңдылықтарын түсіндіру, сондай-ақ әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту мүмкін емес. Теориялық және әдеби білімнің жүйелі түрде берілуі жас ұрпақтың сан түрлі көркем мәліметтер арасынан өз жолын табуына жағдай жасайды [1]. Мектептегі әдебиет теориясын оқыту үдерісі тек педагогика мен әдеби сын емес, сонымен бірге эстетика мен психология ғылымдарының да даму бағытына сай құрылуы қажет. Сол әдеби-теориялық ұғымдардың бірі – композиция. Бұл – шығарма құрылымының негізін құрайтын, автордың идеялық және көркемдік мақсатын жеткізудегі маңызды тетік.

Қысқаша айтқанда, композиция – көркем туындының құрылысы. Дегенмен, бұл ұғымды тек сыртқы құрылым деп шектеуге болмайды, себебі композиция тек форма емес, мазмұнмен тығыз байланысты. Ол көркем шығарманың сыртқы үйлесімін ғана емес, ішкі мазмұндық үндестігін де қамтиды.

Композиция мен сюжет өзара тығыз байланыста болады: екеуі де әдеби туындының мазмұнын көркем бейнелеудің және оны нақты құрылымға келтірудің тәсілдері болып саналады. Сюжеттің толыққанды құрылуы үшін оның барлық кезеңдері композициялық тұтастықта өрбуі қажет. Бұл – композиция мен сюжетке тән ортақ сипат. Алайда, бұл екеуінің арасында айырмашылықтар да бар. Ең алдымен, сюжет әрбір әдеби шығармада кездесе бермейді. Мысалы, философиялық сипаттағы туындыларда, лирикалық өлеңдер мен прозалық шағын шығармаларда оқиға желісі болмауы мүмкін. Бұл әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін айқындайтын маңызды тұс.

Сонымен қатар, композиция тек сюжеттік желіні жүйелеумен шектелмейді. Ол сюжеттік емес элементтерді де қамтып, оларды белгілі бір құрылымға біріктіреді. Осы тұрғыдан алғанда, композиция сюжетке қарағанда кеңірек мағынаға ие.

Сюжетті шығармаларда оқиға өрбуінің тәртібі, кейіпкерлердің байланысы мен бейнелер жүйесі нақты бір қалыпқа бағынбайды. Әрбір жазушы өз туындысының сюжеттік дамуын өзіндік шығармашылық ниетіне сай құрастырады [2]. Сол себепті сюжет пен композицияның

құрылымы әр шығармада әртүрлі болуы заңды. Енді осы байланыс арқылы дамидын сюжеттік кезеңдерге назар аударайық.

Оқиғаның басталуы – оның кіріспесі іспетті, мұнда шығарма кейіпкерлерінің қарым-қатынасына тоқталмас бұрынғы жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, ахуал сипатталады. Автор оқырманды елмен, жермен, сол ортадағы жалпы жағдаймен толықтай таныстырып алады.

Оқиғаның байланысуы – кейіпкерлер арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы. Айталық, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалындағы» байланыс Жамал мен Ғалидың отырыста танысуы. Егер де Жамал ол отырысқа бармаса, Ғалимен де таныспас еді, бұндай махаббат оқиғасы жазылмас та еді.

Оқиғаның дамуы – шығармадағы басталған әрекеттің біртіндеп өрістеп, кейіпкерлердің ара-қатынасы мен тартыстың тереңдей түсуі. Бұл кезеңде оқырман кейіпкердің мақсатын, оның алдынан шығатын кедергілерді байқай бастайды. Автор кейіпкерді түрлі жағдайға түсіру арқылы оқырманды негізгі мәселеге біртіндеп жақындатады.

Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінде оқиғаның дамуы Ғазизаның болыс Баймағамбетпен жолығу қаупі туралы хабардан басталады. Бұл сәттен бастап оқырман болашақта болатын қиындықтарды сезіне бастайды.

Шиеленісу дегеніміз не?

Шиеленісу – шығармадағы тартыстың шарықтап, кейіпкердің ауыр таңдауға немесе әрекетке тірелетін тұсы. Бұл сәтте оқырман оқиғаның қай бағытқа қарай өрбитінін білмей, үлкен қызығушылықпен оқуды жалғастырады. Шиеленісу кезеңі – шығарманың ең қарқынды, ең әсерлі бөлігі.

Сол «Қорғансыздың күнінен» мысал келтірсек, болыстың арам пиғылы ашылып, Ғазиза қорғансыз күйге түсетін тұсы – шығарманың шиеленісу сәті. Бұл жерде оқырман қыздың тағдырына алаңдай бастайды.

Оны қалай анықтаймыз?

- Оқиғаның дамуы – кейіпкердің мақсатқа жету жолында кездескен алғашқы қиындықтары арқылы білінеді.

- Шиеленісу – тартыстың шыңына жеткен, кейіпкер үшін ең күрделі сәт тудыратын тұс.

Оқиғаның дамуы мен шиеленісуі – шығарма ішіндегі тартысты тереңірек түсінуге жол ашатын негізгі кезеңдер. Осы бөліктерді дұрыс анықтай білу оқушының әдеби талдау қабілетін дамытып, көркем мәтінді терең түсінуіне мүмкіндік береді. Әдеби шығарма тек мазмұн емес, құрылым арқылы да өз мәнін табатынын ұмытпаған жөн.

Шарықтау шегі – сюжеттік дамудың ең жоғарғы саты, адамдар арасындағы әрекеттестіктің барынша күшейіп, өрбіген жері. Бұл кезеңде кейіпкерлердің мінез-құлықтары ашылып, нағыз бейнелерін анықтауға болады. Шығарманың сюжетін барлық кезең-кезеңімен тұтастырып, бір бүтіндікке, үндестікке әкелетін де – осы. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінің шарықтау шегі – Ғазизаның өз тағдырына налуынан, жұтуға айналған ажалға қарсы тұруынан басталады. Басты кейіпкер Ғазиза осылайша көз алдында бүкіл өмірін еске түсіреді [3].

Шешім – көркем шығармадағы оқиға желісінің маңызды кезеңдерінің бірі. Ол автордың баяндалған өмірлік құбылысқа берген бағасы, ұзаққа созылған тартыс пен күрестердің нәтижесі ретінде көрінеді. Шешім – кейіпкердің басынан өткен оқиғалардан кейінгі түйіні, өмірлік ақиқатты автор көзқарасымен қорытындылау. Сол Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасындағы мына үзінді жазушы шешіміндей: «Әкесінің қабіріне жабысып, жанын жегідей жеген қайғының соңғы толқынын сонда шығарыпты. Соңғы демі таусылғанға дейін маңдайына жазылған мұң тарқамай, жүзінде әлі де сол қасіреттің табы сақталған. Дегенмен, бала жүзінен: «Мен кінәлі емеспін, мен пәкпін», – деген бейкүнә тазалық пен ауыртпалықтан арылған баланың балғын бейнесі байқалады».

Бұл шешімнің әсерлілігі оқырманға өздігінен сезіледі, оны арнайы дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Композицияның құрамына эпилог пен пролог та кіреді.

Пролог – көркем шығармаға кіріспе іспетті. Бұнда негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады, кейде басты кейіпкердің өткен өмірінен бірнеше көріністер берілуі мүмкін.

Прологпен қатар тоқталатын кезең – эпилог. Шығармадағы тартыс аяқталып, маңызды оқиғалар біткен соң, шешімнен кейін келіп, автордың оқырманға жеткізбек болған ойын қысқаша қорытып әкелетін қорытындының бір түрі [4].

Осылайша, сюжеттік дамудың жоғарыда сипатталған кезеңдерін жүйелі түрде орналастырып, қиыстырып, шебер түрде реттейтін нәрсе – шығарманың композициясы.

Композиция – әдеби шығарманың құрылымы, оның жеке бөлімдерінің өзара бір-бірімен логикалық түрде үйлесіп, әртүрлі әдістермен байланыстырылып, тұтас бірлікке айналуы. Шығарманың құрылымының шымыр болуы, тараулар мен бөлімдердің өзара үйлесімді жалғасуы, әрбір бөлімнің орынды әрі дәл орналасуы шығарманың сапасына әсер етеді.

Әдеби шығарманың композициялық құрылымының тиімділігі, ең алдымен, суреттелетін оқиғаларды, кейіпкерлердің әрекеттерін таңдап, оларды ұтымды түрде іріктеп, бір-бірімен үйлестіре білу шеберлігіне байланысты болады. Бұл, сөз жоқ, жазушының қиын жағдайларда түйін таба білетін көрегендігіне, ақ пен қараның шегін ажыратып, ең маңызды деген жайттарды анықтай білуіне байланысты [5].

Композицияның көркемдік күш-қуаты – шығарманың не айтылғандығымен қатар, қандай уақытта, қай оқиға немесе әрекет қай жерде баяндалатынымен де тығыз байланысты [6]. Мысалы, егер басты кейіпкер шығарма барысында үлкен күш-жігер, тапқырлық танытып, соңында өмірден үмітін үзгендей күйде болса, мұның әсері бір түрлі болады. Ал егер бұл торығу шығарманың орта тұсында болса, кейін кейіпкер қайта серпіліп, батыл қалпына келсе, шығарма соңында оның осындай күйде болғаны оқырманға мүлде өзгеше әсер етеді.

Көркем шығармадағы композицияны теориялық тұрғыдан түсіндіру жеткіліксіз – оны оқушылар шығармамен жұмыс кезінде өз бетінше байқап, талдай алуы тиіс. Сондықтан қазақ әдебиеті сабақтарында композициялық бөліктерді (экспозиция, оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) оқыту әдістерін нақты, тиімді тәсілдер арқылы меңгерту – мұғалімнің басты міндеті. Жоғары сынып оқушыларына әдебиетті оқытуда композициялық талдауға үйрету – шығарманы тұтас қабылдап, ішкі мағына қатпарларын саралауға жол ашады. Алайда мектеп тәжірибесінде композицияны меңгерту көбіне формалды сипат алып, оқушылар тек сюжет элементтерін жаттап алумен шектеліп жатады. Осы орайда оқушыға композицияны тек құрылым ретінде емес, идея мен мазмұнды байланыстыратын көпқабатты көркем жүйе ретінде қабылдату – әдебиет мұғалімінің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Композицияны оқытуда мынадай мақсаттар көзделуі тиіс:

- Оқушылар көркем шығарманың құрылымын түсінуді үйренеді;
- Кейіпкер тағдыры мен оқиға желісін талдай отырып, автор идеясын тануға дағдыланады;
- Сюжеттік желіні ажыратып, әрбір бөліктің көркемдік қызметін анықтай алады.

Көркем шығарманы оқушыға меңгертудің ең тиімді жолы – теориялық білімін шығармамен ұштастыра талдау. Мұндағы мақсат – оқушыны тек жаттап алуға емес, шығарманың көркемдік табиғатын ұғынуға, мәнін жете түсінуге баулу. Мәселен, композицияны меңгертуде оқушы:

- шығармадағы оқиға қалай басталғанын;
- тартыстың қалай туындағанын;
- кейіпкерлердің әрекеттері мен шешімдері оқиғаға қалай әсер еткенін;
- оқиғаның шарықтау шегі мен шешімінің қандай көркемдік жүк арқалағанын түсінуі

тиіс.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін әдебиет мұғалімі сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді, практикалық тапсырмаларды, графикалық сызбаларды тиімді пайдалануы қажет [7]. Төменде солардың бірқатарына тоқталсақ:

#### 1. Графикалық сызба арқылы композициялық құрылымды талдау

Көркем шығарманың композициялық құрылымын талдауда графикалық сызба (сызбалық модель, визуалды диаграмма) қолдану – оқушының мәтінді құрылымдық тұрғыдан жүйелеуіне мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік тәсілдердің бірі. Графикалық сызба көркем

мәтіндегі оқиғалардың өрбу логикасын, кейіпкерлер арасындағы қатынастарды, тартыс динамикасын және композициялық кезеңдердің өзара байланысын көрнекі түрде көрсетеді. Мұндай визуалды модельдер күрделі әдеби ақпаратты ықшамдап, оқушының мәтінді қабылдауын жеңілдетеді әрі талдау дағдыларын жүйелейді.

Графикалық сызбаның басты артықшылығы – композициялық элементтердің реттілігін, олардың оқиға желісіндегі атқаратын қызметін және мәтіндегі эмоциялық-идеялық кернеудің даму бағытын айқын көрсетуінде. Мәселен, экспозициядан бастап шешімге дейінгі сюжеттік қозғалыс сызық, диаграмма, пирамидалық құрылым немесе доға түрінде белгіленіп, әрбір кезең негізгі эпизодтармен толықтырылады. Бұл тәсіл оқушыға оқиғаның ұйымдасу логикасын түсінуге, тартыстың күшею және бәсеңдеу нүктелерін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Графикалық модельдер тек сюжеттік талдау үшін ғана емес, сонымен қатар кейіпкерлердің психологиялық дамуын, тартыс сипатын, автордың оқиғаны ұйымдастыру стратегиясын көрсетуге де қолданылады. Мысалы, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын анықтауда «кейіпкерлік карта», ал тартыстың динамикасын талдауда «тартыс векторы» деп аталатын сызбалар тиімді. Осындай визуалды тәсілдер арқылы оқушылар шығарманың құрылымына тек мазмұндық емес, композициялық-функционалдық тұрғыдан да баға беруге дағдыланады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, графикалық сызбаларды қолдану – интербелсенді оқыту технологияларының талаптарына сай әдіс. Ол топтық, жұптық және жеке форматтағы тапсырмаларда тиімді іске асырылады. Топтық жұмыста оқушылар композициялық кезеңдердің реттілігін бірлесе анықтап, әр эпизодтың көркемдік қызметін дәлелдейді; жеке жұмыста оқушы өзіндік интерпретация жасап, мәтінді талдауын визуалды түрде рәсімдейді.

Мұғалім шығарманы оқушыларға толық оқытқаннан кейін бірге сюжеттік-композициялық сызба жасайды. Бұл сызбада шығарманың экспозициясы, оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімі кезең-кезеңімен белгіленеді [8]. Мысалы, 8-сынып бағдарламасында Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасында:

*Шығарманың басталуы:* Жамалдың дүниеге келуі;

*Шығарманың дамуы:* Жамалдың зерек, ақылды болып өсуі;

*Шығарманың байланысуы:* Жамал мен Ғалидің таныстығы;

*Шығарманың шиеленісі:* Жамал мен Ғалидің елден жыраққа қашуы;

*Шығарманың шарықтау шегі:* Ғалидің аурудан қайтыс болып, Жамалдың сараң Жұманға баруы;

*Шешімі:* Бақытсыз Жамалдың ғашығының зиратына барар жолда қаза табуы.

9-сынып бағдарламасында Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» туындысы берілген.

Шығармаға композициялық талдау жасасақ:

*Шығарманың басталуы:* Бейімбет пен досы Қасымжан ауылдан шығып, іргелес ауылға бет түзейді. Жол қысқарсын деген оймен Қасымжан Шұғаның белгісі жайлы әңгіме бастайды.

*Шығарманың дамуы:* Есімбек есімді байдың ортан қолдай төрт ұлы, олардың арасында ерекше еркелеп өскен жалғыз қызы – Шұға болады. Шұғаның сырт келбеті сипатталады.


*Шығарманың байланысуы:* Есімбектің ауылына Қазақбайдың баласы – Әбдрахман келеді. Шұға мен Әбдрахманның арасында сезім пайда бола бастайды.

*Шығарманың шиеленісі:* Айнабай деген ауыл тұрғыны қызы Күлзипаны Әбдрахманға қосқысы келеді. Әбдрахманның әкесі үйінде жем-шөп қалмаған соң, Айнабайдың үйіне барады. Сол кезде Айнабай бір арба шөпті тегін беріп, қос қазыны бұзбай пысырып сыйлайды.

*Шығарманың шарықтау шегі:* Әбдрахман Күлзипаға көңіл бөлмеген соң, әрі ел арасында Шұға мен Әбдрахманның сүйіспеншілігі белгілі болғаннан кейін, Айнабай «Түріктерге жасырын ақша жинаған» деген жаламен Әбдрахманды жер аудартады.

*Шешімі:* Содан кейін Шұға сағыныш пен уайымға салынып, сырқаттанып қалады. Қызының жағдайына жаны ауырып, әкесі Әбдрахманды алдыруға шешім қабылдайды. Алайда, Әбдрахман келгенше, Шұға дүние салады. «Шұғаның белгісі» деп отырғаны – Шұғаның бейіт басына орнатылған тас [9].

Осы талғанған шығармаларды графикалық сызба түрінде беріп көрсек. Шығарманың композициялық құрылымын оқушыларға көрнекі түрде көрсету үшін пирамидалық сызба әдісі қолданылды. Бұл әдісте әрбір композициялық кезең – экспозиция, байланысу, даму, шиеленіс, шарықтау шегі және шешім – пирамиданың жеке деңгейінде көрсетіледі. Пирамиданың бір жағында кезеңнің атауы, екінші жағында сол кезеңге сәйкес оқиғаның сипаттамасы орналастырылды. Мысалы, экспозиция кезеңінде кейіпкердің өміріне кіріспе жасалып, оқиғаның басталуы баяндалды: Жамал дүниеге келуі немесе Шұға есейіп, сырт келбеті сипатталды. Байланысу кезеңінде кейіпкерлер танысып, негізгі конфликт пайда болды: Жамал мен Ғалидің кездесуі, Шұға мен Әбдрахман арасындағы сезімнің туындауы. Осындай пирамидалық сызба әдісі оқушыларға композициялық кезеңдерді айқын түсінуге, сюжеттің логикасын бақылауға және кейіпкерлердің іс-әрекеті мен оқиға динамикасын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл интербелсенді оқыту технологиясына сәйкес келіп, мәтінді талдау дағдыларын жүйелі дамытуға ықпал етеді (1-сурет).



1-сурет. «Пирамида» әдісімен жасалатын тапсырма үлгісі

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, пирамидалық сызба әдісі оқушылардың композициялық талдау қабілетін едәуір арттырады. Оқушылар мәтіннің логикасын тез түсінеді, әр эпизодтың маңызын айқындай алады және кейіпкерлер арасындағы байланыстарды нақты көре біледі. Сондай-ақ, әдіс оқушылардың өз ойларын жүйелі түрде баяндауына, мәтіннің құрылымын интерпретациялау қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Пирамидалық сызба әдісі шығарманың композициялық тұтастығын түсінуге мүмкіндік беріп, интербелсенді оқыту технологиясына толық сәйкес келеді және оқыту процесін сапалы етеді. Жалпы алғанда, графикалық сызба композицияны оқытуда ақпаратты көрнекі ұйымдастырудың да, талдау нәтижесін жүйелі көрсету тәсілінің де қызметін атқарады. Бұл әдіс көркем шығарманың құрылымын терең түсінуге, композициялық тұтастықты сезінуге және оқушының мәтінді интерпретациялау қабілетін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық құрал болып табылады.

## 2. Кейіпкер әрекеті арқылы композициялық бөліктерді анықтау

Кейіпкер әрекеті арқылы композициялық бөліктерді анықтау – көркем шығарманың ішкі құрылымын меңгертудегі ең қолайлы әрі тиімді әдістердің бірі. Бұл тәсіл оқиғаның дамуын тек сыртқы сюжет ретінде емес, кейіпкердің ішкі әлемімен, оның мінездік өзгерістерімен, әрекет мотивтерімен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Әдебиеттану

ғылымында композиция мен кейіпкердің психологиялық болмысы өзара ажырамас категориялар болып есептеледі, өйткені оқиға дамуы әрдайым кейіпкердің іс-әрекеті мен шешіміне тәуелді [10]. Сондықтан композицияны кейіпкер арқылы талдату оқушылардың әдеби-теориялық ойлауын тереңдетіп, көркем мәтінді тұтас құрылым ретінде қабылдауына жағдай жасайды. Бұл әдістің педагогикалық тиімділігі – оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушыдан белсенді талдаушыға айналдыруында. Оқушы кейіпкердің әрбір әрекетіне сұрақ қоя отырып, оның оқиғалар жүйесіне тигізетін әсерін, шешуші эпизодтарды, тартыстың туындау және өрбу себептерін өз бетінше анықтайды. Мұндай аналитикалық жұмыс оқушылардың себеп-салдарлық байланыс орнату, кейіпкердің әрекеті мен оның ішкі күйін салыстыра білу, тартыстың табиғатын ашу сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар, кейіпкер әрекеті арқылы композицияны талдау – оқушының психологиялық қабылдауына да оң әсер етеді. Өйткені оқушылар көбіне кейіпкерге эмоционалды түрде жақындайды, сол арқылы оқиғаны тереңірек түсінеді. Осы эмоционалды қызығушылықты композициялық талдауға бағыттау – әдістің негізгі артықшылығы.

### **«Құлагер» поэмасы негізінде әдісті жүзеге асыру үлгісі**

#### **1. Сюжеттің басталуы – кейіпкердің бастапқы күйі**

##### **Мұғалім сұрағы:**

– Шығарма басталғанда Ақан серінің болмысы қандай? Ол қандай әрекет үстінде көрінеді?

##### **Оқушы жауабы:**

– Ақан сері елге танымал, серілік өнерімен жүрген, Құлагер атты тұлпарын ерекше қастерлейтін кезеңде беріледі.

Бұл кезеңде экспозиция тек оқиға ортасын ғана сипаттап қоймайды, Ақанның өмірлік құндылықтары мен оның Құлагерге деген ерекше байланысын таныстырады. Осылайша композицияның алғашқы бөлімі кейіпкердің болашақ трагедиясын алдын ала меңзейді.

#### **2. Байланыс – сюжет қозғалысын бастайтын шешім**

##### **Сұрақ:**

– Ақанның қандай шешімі оқиғаның өрбуіне түрткі болады?

##### **Жауап:**

– Ол Құлагерді бәйгеге қосуды ұйғарып, Ереймендегі үлкен тойға аттанады.

Бұл сәт – композициялық байланыстың басталуы. Оқушы Ақанның шешімі кездейсоқ емес, оның тұлғалық болмысымен, серілік намысымен байланысты екенін түсінеді. Осы кезең оқиғаның дамуына алғашқы серпін береді.

#### **3. Шиеленіс – тартыстың күрделене түсуі**

##### **Сұрақ:**

– Қай эпизодтан бастап шиеленіс күшейеді?

##### **Жауап:**

– Құлагердің шабысын көре алмаған топ оның өмірін қияды. Ақан рухани күйзеліске тап болады.

Бұл эпизод композицияның ең ауыр кезеңі ретінде оқушыға тартыстың табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Құлагердің өлімі – жеке трагедия ғана емес, қоғамдағы қызғаныш, әділетсіздік, қатыгездік сияқты әлеуметтік-психологиялық қайшылықтардың көрінісі.

#### **Шарықтау шегі – рухани жарылыс**

##### **Сұрақ:**

– Ақан бұл қасіретке қалай жауап береді?

##### **Жауап:**

– Ол зар еңіреп, Құлагерді жоқтап, жүрекжарды өлең шығарады.

Шарықтау шегі – Ақанның рухани дағдарысының ең биік нүктесі. Бұл тұста авторлық үн, поэтикалық пафос күшейеді. Оқушы Ақан әрекетінің поэмадағы негізгі идеяны ашудағы маңызын сезінеді.

#### **5. Шешім – кейіпкердің кейінгі күйі**

##### **Сұрақ:**

– Поэма соңында Ақан қандай күйде қалады?

### **Жауап:**

– Ол елден оқшауланып, жалғыздыққа бой ұрады. Рухани жарасы жазылмайды.

Шешім композицияны аяқтап қана қоймайды, Ақан бейнесінің трагедиялық тұтастығын ашады.

Жалпы алғанда, кейіпкер әрекеті арқылы композициялық бөліктерді анықтау әдісі көркем мәтінді құрылымдық әрі психологиялық деңгейде түсінуге мүмкіндік беретін тиімді тәсіл болып табылады. Бұл жұмыс барысында оқушылар кейіпкердің әрбір қадамын оқиғаның динамикасымен байланыстыра отырып, сюжет құраушы факторлардың ішкі себеп-салдарын талдауға дағдыланады. Әсіресе, кейіпкердің мінез ерекшелігі, шешуші әрекеттерге бару мотивтері, оның психологиялық күйінің өзгеруі сияқты аспектілерді композициялық желімен ұштастыру арқылы оқушылар шығарманың көркемдік табиғатын тереңірек сезінеді.

Әдістің тиімділігі – оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, мәтіннің ішкі заңдылықтарын өз бетімен ашушы тұлға ретінде қалыптастыруында. Сұрақ-жауап, пікірталас және дәлелді тұжырым жасау әрекеттері олардың талдау, салыстыру, жинақтау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, «Құлагер» поэмасы мысалында көргеніміздей, оқушылар сюжеттік бөліктерді тек сыртқы оқиғалар арқылы емес, Ақан серінің ішкі әлемімен байланыстыра пайымдайды. Бұл – композицияны формалды құрылым ретінде емес, көркем ойдың қозғалысы ретінде ұғынуға жетелейді.

Кейіпкер әрекеті арқылы композициялық бөліктерді анықтау – оқушыны көркем мәтінді тереңірек қабылдауға жетелейді. Бұл тәсіл арқылы оқушылар оқиғаның желісін кейіпкердің мінезі мен іс-әрекеттерімен байланыстыра отырып талдайды. Нәтижесінде, композициялық құрылым мен кейіпкер психологиясы арасында тығыз байланыс орнайтынын түсінеді. Әдіс оқушыны аналитикалық ойлауға, мәтінмен жұмыс істеудің жаңа деңгейіне жетелейді.

### **3. Кестемен жұмыс**

Көркем шығарманың композициялық құрылымын меңгертуде кестемен оқыту – оқушының мәтінді жүйелі қабылдауын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік тәсілдердің бірі. Кестелік модельдер әдеби мәтіндегі күрделі ақпаратты құрылымдауға, сюжеттік және композициялық элементтердің арасындағы байланыстарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Кесте арқылы оқыту оқушының ақпаратты талдау, салыстыру, жинақтау дағдыларын дамытып, композициялық кезеңдердің мәтін ішіндегі қызметін дәл анықтауға жағдай жасайды [11].

Кестемен жүргізілетін жұмыс, ең алдымен, композицияның құрылымдық компоненттерін оқу үдерісінде визуалды түрде ұйымдастыруға бағытталады. Мысалы, экспозиция, байланыс, дамуы, шиеленіс, шарықтау шегі мен шешім сияқты кезеңдерді арнайы кестеге бөлу оқушыға оқиға желісінің логикалық ретін, кейіпкерлердің әрекет динамикасын және тартыстың өрбу сипатын айқын көруге мүмкіндік береді. Мұндай кестелерде эпизодтардың мазмұны, кейіпкерлердің іс-әрекеттері, эмоционалдық-психологиялық өзгерістері және олардың композициядағы рөлі бір құрылымға түсіріліп беріледі.

Кестелік талдаудың тиімділігі – оқушының мәтінмен жұмыс барысында пассив қабылдаушы емес, әрекетке негізделген талдаушы субъектке айналуында. Кесте құру кезінде оқушылар мәтіндегі басты эпизодтарды өз бетінше тандап, оларды композициялық тұрғыдан жіктеуге үйренеді. Бұл олардың оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын анықтау, авторлық позицияны түсіну және көркемдік детальдерді бағалауға бағытталған аналитикалық қабілеттерін арттырады. Кестемен оқыту оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Өйткені кесте тек ақпаратты орналастыру құралы ғана емес, мәтіннің көркемдік логикасын қайта құруға арналған аналитикалық модель болып табылады. Әрбір эпизодты композициядағы нақты қызметімен байланыстыру оқушыға шығарманың идеялық жүйесін тұтас көруге көмектеседі. Мәселен, кейіпкердің психологиялық эволюциясы, тартыстың күшею немесе бәсеңдеу кезеңдері кесте арқылы салыстырмалы түрде көрсетілгенде оқушы композицияның ішкі механизмі қалай жұмыс істейтінін анық түсінеді.

Кестелік әдісті топтық және жеке жұмыс форматтарында қолдануға болады. Топтық жұмыс барысында оқушылар сюжеттік кезеңдерді анықтауда пікір алмасып, ғылыми дәлелдеу дағдысын қалыптастырады. Ал жеке жұмыс кезінде оқушы мәтінді өз бетінше бөлшектеп

талдауға, композициялық элементтердің мәнін интерпретациялауға мүмкіндік алады. Мұндай тапсырмалар оқушының өзіндік ізденісін, жауапкершілігін және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, кестемен оқыту композицияны меңгерудің заманауи, интербелсенді әрі ғылыми негізделген тәсілі ретінде әдебиетті оқыту әдістемесінде маңызды орын алады. Ол оқушыларға күрделі көркем мәтінді құрылымдық тұрғыдан түсінуге, композициялық жүйенің тұтастығын сезінуге және шығарманы тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Кестені мұғалім дайын күйінде ұсынуы мүмкін немесе оқушылармен бірлесіп құрастыруға болады. 1-кестеде мүмкін болатын жауап кесте толтырылған. Талданған шығарма Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романы.

1-кесте. Кестемен жасалатын тапсырма үлгісі

Композициялық бөлік	Мәтіндегі көрінісі	Кейіпкердің күйі / әрекеті	Автордың көзқарасы / идеясы
1	2	3	4
Оқиғаның басталуы	XIX ғасырдағы қазақ даласының әлеуметтік жағдайы, руаралық қатынастар, ел басқарудағы кемшіліктер, қоғамдағы әділетсіздік көріністері беріледі.	Жас Ұлпан – ақылды, алғыр, ел ішіндегі жағдайға бей-жай қарамайтын қыз ретінде танылады.	Автор қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мен әлеуметтік әділетсіздіктің тамырын көрсетуге тырысады.
Байланысуы	Жас Ұлпан – ақылды, алғыр, ел ішіндегі жағдайға бей-жай қарамайтын қыз ретінде танылады.	Автор қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мен әлеуметтік әділетсіздіктің тамырын көрсетуге тырысады.	Ұлпанның жастайынан шешендігі мен парасатымен ел көзіне түсуі; би Кесаптың Байсан бай ауылына шабуыл жасауы, Жәния қарттың өлімі. Осы оқиғадан кейін Ұлпанның тағдыры өзгеруі.
Дамуы	Ұлпан өз ортасындағы әділетсіздікті сезінеді, елдік мәселеге араласа бастайды.	Ұлпан – билікке араласатын, ақылымен, ерік-жігерімен елді біріктіретін батыл тұлғаға айналады.	Автор Ұлпандай әйел тарихи қалай қалыптасқанын көрсетеді.
	Ұлпан мен Ерназардың танысуы; Ұлпанның оның әйелі атанып, ел ішіндегі шаруаны жолға қоюы, Байсал ауылына тәртіп орнатуы; Ұлпанның ел анасына айналуы.	Әйелдің қоғамдағы рөлін көтеру, оның ақыл-парасатын ел басқаруда маңызды фактор ретінде тану.	

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Шиеленісуі	Байжан-Байқұлақ арасындағы тартыстар, көрші елдермен қақтығыстар; Ұлпанның беделі артқан сайын қызғаныш пен ішкі қастықтың күшеюі.	Ұлпан қиындыққа қарсы тұрады, ел ішіндегі дау-жанжалды әділ шешуге тырысады.	Қоғамдағы билік таласы, көреалмаушылық, ішкі жаулық – елді артқа тартатын күш екенін автор сынайды.
Шарықтау шегі	Ерназардың қартайып, ел басқару тізгінінің түгелдей Ұлпанға өтуі; Ұлпанға қарсы күштердің құрылуы; оның өмірінің соңғы кезеңдеріндегі ауыр шешімдер.	Ұлпан жалғыздықты сезінеді, бірақ халық үшін күресін тоқтатпайды.	Көшбасшы тұлғаның жалғыздығы, ел үшін жасалған ерліктің ауыртпалығы көрсетіледі.
Шешімі	Ұлпанның өмірден өтуі, бірақ ел есінде «Ел анасы» болып қалуы.	Қайсарлық, елге деген адалдық, рухани биіктік.	Автор Ұлпан бейнесі арқылы қазақтың ұлы әйелдерін дәріптейді; Ұлпан – халық жадында мәңгі қалған тұлға.

Кесте арқылы композициялық талдау әдісі көркем шығарманың құрылымын жүйелі және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Әрбір композициялық кезең – оқиғаның басталуы, байланысуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі және шешімі – кестенің жеке бағандарында көрсетіледі, ал әр кезеңге сәйкес кейіпкердің күйі, әрекеті мен автордың идеясы сипатталады. Бұл тәсіл оқушыларға мәтіннің логикалық құрылымын бірден көруге, оқиғалар мен кейіпкерлер арасындағы байланыстарды салыстыруға, сюжет динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Кесте әдісінің тағы бір тиімділігі – оқушыларға ақпаратты визуалды түрде жүйелеуге, күрделі сюжет элементтерін ықшамдап, тез қабылдауға жағдай жасауында. Кесте арқылы оқушы тек оқиғалардың хронологиялық ретін бақылап қана қоймай, кейіпкердің іс-әрекеттері мен психологиялық күйін, сондай-ақ авторлық идеяны талдауға да мүмкіндік алады. Мысалы, Ұлпан романындағы әр кезеңді кестеге түсіру арқылы оқушылар кейіпкерлердің мінезі мен әрекетінің оқиғаға тигізетін әсерін айқын көре алады, тартыстың өрбу және шиеленіс сәттерін салыстыра біледі.

Кесте әдісі оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады: оқиға желісін, кейіпкер әрекетін және авторлық идеяны бір-бірімен байланыстыра талдауға дағдыландырады. Бұл тәсіл көркем мәтінді құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан тереңірек түсінуге, композициялық тұтастықты сезінуге мүмкіндік береді. Кесте әдісі арқылы оқушылар шығарманы тек мәтін ретінде емес, логикалық, психологиялық және идеялық байланыстары бар тұтас жүйе ретінде қабылдайды.

## 2. Уақыт сызығы (таймлайн) әдісі

«Таймлайн» әдісі – көркем шығарманың оқиғаларын хронологиялық тәртіппен визуалды түрде орналастыру арқылы композициялық құрылымды нақтылауға және оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық тәсіл. Бұл әдіс әсіресе көпқабатты немесе күрделі құрылымды шығармаларды талдауда маңызды, себебі оқиғалардың бір-бірімен байланысын, кейіпкердің эволюциясын, шиеленіс пен шешімнің өрбуін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Таймлайн оқушыларға тек оқиғалардың хронологиясын жүйелеуге ғана емес, олардың себеп-салдарын, оқиғаның логикалық байланысын, кейіпкерлік әрекеттердің сюжетке әсерін түсінуге көмектеседі. Әдістемелік қолдану тәсілдері:

1. Топтық жұмыс: оқушылар бірнеше адамнан құралған топта шығарманың негізгі оқиғаларын постерге немесе флипчартқа уақыт сызығы ретінде орналастырады. Бұл әдіс коммуникация дағдыларын, бірлескен талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

2. Жеке немесе жұппен жұмыс: дайын кестеге оқиғаларды орналастыру немесе хронологияны қалпына келтіру тапсырмалары арқылы оқушы өз бетімен композициялық кезеңдерді анықтап, логикалық ойлауын жетілдіреді.

3. Графикалық схемалар: оқиғаларды визуалды түрде бөліп, әр кезеңнің кейіпкерлік іс-әрекет пен сюжеттік рөлін көрсету үшін графикалық блоктар немесе сызбалар пайдаланылады.

4. Цифрлық платформалар арқылы интерактивтік жұмыс: Padlet, Canva, Google Jamboard, Miro сияқты платформаларда оқушылар таймлайн жасау арқылы оқиғаларды визуалды реттеп, әр кезеңге қысқаша сипаттама, сурет немесе бейне қоса алады. Бұл әдіс әсіресе қашықтықтан оқыту жағдайында немесе интерактив сабақтарда тиімді.

5. Салыстыру және талдау: оқушы таймлайндағы әр кезеңді шығарманың композициялық талдауы мен кейіпкер әрекетімен байланыстыра отырып, сюжет құрылымын толық түсінеді.

#### Әдістің педагогикалық және танымдық тиімділігі:

- Оқушылар композициялық бөліктерді нақты бөліп, олардың бір-бірімен байланысын анықтайды;

- Сюжеттік желінің логикасын түсініп, кейіпкер әрекеттерінің оқиға өрбуіндегі рөлін бағалайды;

- Логикалық ойлау, жүйелеу, визуалды ақпаратпен жұмыс жасау қабілеттерін дамытады;

- Күрделі мәтіндерді құрылымдық тұрғыда толық меңгеруге жағдай жасайды;

- Цифрлық платформалар арқылы интерактивті тәсіл қолдану оқушының шығармашылық және ақпараттық сауаттылығын арттырады.

Осылайша, таймлайн әдісі оқушыларға көркем шығарманы тек мазмұндық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар композициялық және хронологиялық тұрғыдан терең қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл көркем мәтінді жүйелі талдау мен түсінудің, сондай-ақ шығармашылық ойлауды дамыту жолында тиімді құрал болып табылады.

Таймлайн әдісі – көркем шығармадағы негізгі оқиғаларды уақыт ретімен орналастыру арқылы композициялық құрылымды көзбен шолуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушыға оқиғалардың себеп-салдарын, кейіпкер мінезінің эволюциясын, шиеленіс пен шешімді нақты ажыратуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушының логикалық ойлауын, хронологиялық тізбектеу дағдыларын дамытады. Әдістің маңыздылығы – көркем мәтін мазмұнын терең меңгеріп, шығарманы құрылымдық тұрғыда тұтас қабылдауға жағдай жасайды.

#### **Қорытынды**

Көркем шығарманың композициялық құрылымын талдау – әдебиет сабағында оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін және аналитикалық тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастырудағы шешуші бағыттардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер – кестелер мен графикалық сызбалар арқылы композициялық бөліктерді көрсету, «таймлайн» әдісі арқылы оқиғаларды хронологиялық ретпен орналастыру, сондай-ақ кейіпкер әрекеті арқылы сюжеттік кезеңдерді талдау – оқушыларға шығарманың құрылымдық тұтастығын нақты көрнекі түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформаларды (Padlet, Canva, Google Jamboard, Miro) пайдалану интерактивтік сабақ форматында оқушының белсенділігін арттырады, шығарманың хронологиялық және логикалық байланысын қадағалауға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері композициялық талдаудың оқушылардың көркем мәтінді терең түсінуіне, кейіпкерлік әрекеттер мен сюжет өрбуін дербес бағалауға, автор идеясын айқын қабылдауға ықпал ететінін көрсетті. Әдістердің әрқайсысы оқушылардың жас ерекшеліктері мен когнитивтік даму деңгейіне бейімделгенде сабақ тиімділігі айтарлықтай артады. Компоненттердің өзара байланысын талдау арқылы оқушылар тек сыртқы құрылымды емес, шығарманың ішкі мазмұндық үндестігін, көркемдік тәсілдер мен психологиялық мәнді де түсіне алады.

Сондай-ақ, композициялық талдау эстетикалық талғам қалыптастыруға, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға және әдебиет арқылы тұлғаның ішкі дүниесін терең түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар әдеби-теориялық ұғымдарды меңгеру арқылы шығарманы тұтас қабылдайды және оның идеялық, көркемдік және құрылымдық ерекшеліктерін өздігінен бағалай алады. Алынған тәжірибелік нәтижелер мектептегі әдебиет сабағында композициялық талдауды жүйелі қолданудың ғылыми тұрғыдан негізделгендігін растайды және оны практикалық сабақта тиімді енгізу мүмкіндігін көрсетеді.

### Әдебиеттер

1. Wellek R. Theory of Literature. – New York: University of Florida, 1948. – 424 p.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 285 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 247 б.
4. Томашевский Б. Теория литературы. Поэтика. – Москва: Аспект-Пресс, 1999. – 334 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
6. Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. Алматы: Ақжол, 1998. – Б. 90
7. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламасы. 2022, 16 қыркүйек №399 бұйрық
8. Байтанасова Қ. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 116 б.
9. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Алаш, 2003. – 208 б.
10. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1979. – Б. 88
11. Langer J. Envisioning Literature. – New York: Teachers College Press, 1995. – 196 p.

### References

1. Wellek R. Theory of Literature. – New York: University of Florida, 1948. – 424 p.
2. Bitibaeva Q. Adebietti oqytu adistemesi [Methods of teaching literature]. – Almaty: Rauan, 1997. – 285 p. (in Kazakh)
3. Zhumaliev Q. Adebiet teoriyasy [Theory of literature]. – Almaty: Mektep, 2009. – 247 p. (in Kazakh)
4. Tomashevskii B. Teoriya literatury. Poetika [Theory of literature. Poetics]. – Moscow: Aspekt-Press, 1999. – 334 p. (in Russian)
5. Qabdolov Z. Soz oneri [The art of words]. – Almaty: Sanat, 2007. – 360 p. (in Kazakh)
6. Tebegenov T. Adebiet tarikhynyn maseleleri [Problems of literary history]. – Almaty: Aqzhol, 1998. – P. 90 (in Kazakh)
7. Zhalpy bilim беру uiyndaryna arналған zhalpy bilim беретін panderdin, bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilim dengeilerinin tandau kurstarynyn ulgilik oqu bagdarlamasy [Model curriculum of elective courses for general education institutions]. – Astana, 2022. (in Kazakh)
8. Baitanasova Q. Adebiettanuға kirispe [Introduction to literary studies]. – Almaty: Evero, 2018. – 116 p. (in Kazakh)
9. Baitursynuly A. Adebiet tanytqysh [Literary guide]. – Almaty: Alash, 2003. – 208 p. (in Kazakh)
10. Qirabaev S. Mektep zhane qazaq adebiyeti [School and Kazakh literature]. – Almaty: Mektep, 1979. – P. 88 (in Kazakh)
11. Langer J. Envisioning Literature. – New York: Teachers College Press, 1995. – 196 p.

**К.С. Курмамбаева<sup>1</sup>, Е. Петек<sup>2</sup>, Ж.Н.Оралханова<sup>3\*</sup>**

<sup>1,3</sup>Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

<sup>2</sup>Tokat Gaziosmanpaşa Üniversitesi,

60250, Турция, г. Токат, кампус Taşlıçiftlik

\*ORCID: 0009-0000-3945-9802

\*e-mail: [oralkhanova.zh@mail.ru](mailto:oralkhanova.zh@mail.ru)

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ КОМПОЗИЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

**Аннотация.** В этой статье исследуется педагогическая эффективность применения интерактивных методов при обучении старшеклассников композиции художественного произведения. Композиция рассматривается как важная категория, регулирующая идеологическую и структурную систему литературного текста, а в качестве объекта анализа выделяются её основные элементы: сюжетная линия, композиционные части, конфликты между персонажами, развитие событий, связи во времени и пространстве.

В статье подробно описано влияние интерактивных методов, применяемых при организации композиционного анализа: анализ композиционной структуры с помощью графической схемы, выявление композиционных частей через действия персонажей, работа с таблицами, метод временной линии (таймлайн) на системное понимание структуры текста учащимися. Роль каждого метода в учебном процессе иллюстрируется конкретными примерами: графические схемы позволяют визуально систематизировать элементы композиции, анализ действий персонажей углубляет понимание логики событий, работа с таблицами способствует освоению композиционных частей через сопоставление, а метод временной линии эффективно показывает временную динамику событий. Результаты исследования показывают, что целенаправленное применение интерактивных методов способствует развитию аналитического мышления учащихся, углубленному освоению композиционной структуры и системному восприятию содержания текста. Методические решения, представленные в статье, рассматриваются как практические рекомендации по совершенствованию обучения литературе через композиционный анализ.

**Ключевые слова:** литературно-теоретические концепции, методика обучения, методы преподавания, казахская литература в школе, методические основы.

**K.S. Kurmambayeva<sup>1</sup>, E. Petek<sup>2</sup>, Zh.N. Oralkhanova<sup>3\*</sup>**

<sup>1,3</sup>Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

<sup>2</sup> Tokat Gaziosmanpaşa University,

60250, Turkey, Tokat, Taşlıçiftlik Campus

\*ORCID: 0009-0000-3945-9802

\*e-mail: oralkhanova.zh@mail.ru

## EFFECTIVENESS OF INTERACTIVE METHODS IN TEACHING THE COMPOSITION OF A LITERARY WORK

**Abstract.** This article examines the pedagogical effectiveness of using interactive methods in teaching high school students the composition of a literary work. Composition is considered an important category that organizes the ideological and structural system of a literary text, with its main elements analyzed, including the plot structure, compositional parts, conflicts between characters, event development, and temporal and spatial relationships.

The article provides a detailed description of the impact of interactive methods applied in organizing compositional analysis: analyzing the compositional structure using graphic diagrams, identifying compositional parts through character actions, working with tables, and the timeline method on students' systematic understanding of text structure. The role of each method in the learning process is illustrated with specific examples: graphic diagrams help visually organize composition elements, character-based analysis deepens students' understanding of event logic, table work facilitates mastering compositional parts through comparison, and the timeline method effectively demonstrates the temporal dynamics of events. The study results indicate that the purposeful use of interactive methods fosters students' analytical thinking, promotes a deeper understanding of compositional structure, and enables a systematic perception of the text's content. The methodological solutions presented in the article are considered practical recommendations for improving literature teaching through compositional analysis.

**Keywords:** literary-theoretical concepts, teaching methods, teaching methods, Kazakh literature in school, methodological foundations.

### Авторлар туралы мәліметтер

**Курмамбаева Карлыгаш Солтанбековна** – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: kurmambayeva.ks@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>.

**Ercan Petek** – PhD, Tokat Gaziosmanpaşa University, Түркия, e-mail: ercan.petek@gop.edu.tr, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6024-3472>

**Оралханова Жанел Нұржанқызы\*** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» ББ 2-курс магистранты, e-mail: oralkhanova.zh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-3945-9802>.

#### **Сведения об авторах**

**Курмамбаева Карлыгаш Солтанбековна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: kurmambayeva.ks@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>,

**Ercan Petek** – PhD, Tokat Gaziosmanpaşa University, Турция, e-mail: ercan.petek@gop.edu.tr, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6024-3472>.

**Оралханова Жанел Нуржановна\*** – магистрант 2 курса НАО «Шәкәрім университет» ОП «Подготовка учителей казахского языка и литературы», Республика Казахстан, e-mail: oralkhanova.zh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-3945-9802>.

#### **Information about authors**

**Karlygash Kurmambayeva** – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Department of Kazakh Philology Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: kurmambayeva.ks@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>,

**Ercan Petek** – PhD, Tokat Gaziosmanpaşa University, Turkey, e-mail: ercan.petek@gop.edu.tr, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6024-3472>.

**Zhanel Oralkhanova\*** – 2nd-year Master's student at the «Shakarim University» NJSC in the educational program «Training Teachers of Kazakh Language and Literature», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: oralkhanova.zh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-3945-9802>.

*Редакцияға енуі 26.10.2025*

*Өңдеуден кейін түсуі 03.12.2025*

*Жариялауға қабылданды 22.12.2025*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-22](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-22)

IRSTI: 14.35.07

**A.A. Sydykova<sup>1\*</sup>, A.F. Akkaliyeva<sup>2</sup>**

Shakarim University

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinki str., 20 A

ORCID: 0009-0009-4509-7102

e-mail: ayazhansydykova2@gmail.com

## **TEACHING INTERCULTURAL COMMUNICATION BASED ON MEDIA TEXTS**

**Annotation.** This article explores the use of authentic English-language media texts—specifically, advertising slogans and social media content—as a means of developing intercultural communication skills among students in English language education. The study emphasizes the importance of media literacy and cultural awareness in the process of foreign language acquisition. Through the analysis of American advertisements and real user comments from social media platforms, students were introduced to key cultural values and language features typical of English-speaking societies. The research also included a survey that demonstrated students' preference for learning about foreign cultures through social networks rather than traditional media. The findings suggest that media texts serve not only as linguistic material but also as cultural guides, promoting deeper understanding, empathy, and tolerance. The article highlights the effectiveness of integrating media-based resources into the educational process to foster intercultural competence in learners. Furthermore, it argues that exposure to authentic digital discourse enables students to recognize cultural nuances, humor, and social dynamics reflected in everyday communication. The study also underscores the role of critical thinking in interpreting online content, helping learners distinguish between